

Қобда ауданының ауылдық округтері мен ауылдарының аттарын өзгерту туралы

Ақтөбе облыстық Мәслихаты мен облыс Әкімінің жиырмамыншы сессияда қабылдаған 1998 жылғы 18 наурыздағы № 5 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет басқармасында 1998 жылғы 15 сәуірде № 24 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбында қазақ тілінде "селолық", "селоларының" сөздері "ауылдық", "ауылдарының" сөздермен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің бүкіл мәтін бойынша орыс тілінде "аульный", "аул" сөздері "сельский", "село" сөздермен ауыстырылды, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Заңының 11 бабы 4) тармақшасына сәйкес, облыстық Мәслихат және облыс Әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 30.05.2017 № 185 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 30.05.2017 № 158 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қобда ауданы мәслихаты мен әкімінің және облыстық ономастикалық комиссияның ұсыныстары қабылдансын және Қобда ауданындағы:

Краснояр селолық округі Қызылжар ауыл округі

Новоалександровка селолық округі Өтек ауыл округі

Михайловка селолық округі Құрсай ауыл округі

Сөгәлі селолық округі Сөгәлі ауыл округі

Краснояр селосы Қызылжар ауылы

Брусилровка селосы Қаракемер ауылы

Новоалександровка селдосы Өтек ауылы

Михайловка селосы Құрсай ауылы

Зеленый дол селосы Көк уй ауылы болып, аттары өзгертілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкімет жанындағы ономастикалық комиссияның қарауына енгізілсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК